

## Ынтымақ ауылдық округі Өркенді ауылының Ә.Әмірханов көшесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Ынтымақ ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 92 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қыркүйекте № 3846 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Ынтымақ ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 15 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Ынтымақ ауылдық округі әкімінің 09.03.2017 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы Мақтаарал аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2016 жылғы 26 тамыздағы № 02-03/350 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ынтымақ ауылдық округі Өркенді ауылының Ә.Әмірханов көшесінің тұрғыны Г.Мейірхановтың итінің құтырық ауруымен ауруына байланысты Ә.Әмірханов көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын Ынтымақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-ветеринары А.Ашимовке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ынтымақ ауылдық округі әкімінің  
міндетін уақытша атқарушы:*

*Д.Абдираимов*